

**2022 жылдың қазан айының 3-ші онкүндігіне**  
**қысқаша агрометеорологиялық шолу**

Қазақстанның оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында күздік дәнді дақылдар өсірілетін аудандарда қалыпты ауа-райы байқалды, жауын-шашын нормадан жоғары және түнгі уақытта аяз минус 1-5°С дейін, таулы және тау бөктеріндегі аудандарда минус 9°С дейін, күздік дәнді дақылдардың зақымдануы байқалмады. Мұндай метеорологиялық жағдайлар күздік бидайдың өсуі мен дамуына қолайлы болды, бірақ егіс жұмыстарының аяқталуына біршама кедергі болды.

Күздік бидайдың ерте егілген дақылдарында «дәннің өнуі» – «көктеу» кезеңі байқалады, жай-күйі барлық жерде жақсы және өте жақсы. Онкүндік бойы топырақты дайындау және күздік дәнді дақылдарды егу жұмыстары жалғасты.

Шығыс Қазақстан (Георгиевка агропосты, Үлкен Нарын станциясы) және Павлодар облыстарында (Береговой агропосты) бақыланатын күнбағыс учаскелерінде егін жинау жалғасуда.

Оңтүстік аймақтардың кейбір жерлерде жоңышқа шөптерінің 2-ші және 3-ші шабылуы жалғасуда, шөптердің жай-күйі жақсы және қанағаттанарлық.

Жайылымдық мал шаруашылығы аумағында мал жаю барлық жерде жүргізілді, шөптерді жинау, қыстайтын жерлерге жем-шөп шабу және тасымалдау жалғасуда.

Шөптің жай-күйі негізінен жақсы және қанағаттанарлық, нашар шөп Алматы облысының Жамбыл ауданындағы жайылымдарда байқалады.

Жайылымдар әлсіз және орташа мөлшерде тапталған. Алматы облысының Жамбыл ауданында, Жамбыл облысының Талас ауданында және Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында жайылымдық жерлер қатты тапталған.

Шымның күйі негізінен дымқыл, кей жерлерде құрғақ.